



"Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюта бақылауын ұйымдастыру туралы" Ереже жөнінде

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасы 1997 жылғы 23 мамыр N 229 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ведомстволық нормативтік актілерді тіркеу бөлімінде 1997 жылғы 11 маусымда тіркелді. Тіркеу N 315. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1999 жылғы 25 қаңтардағы N 8 қаулысымен.

Қазақстан Республикасында шет ел валютасының түсуі мен пайдаланылуына бақылау орнату, экспорттық валюта түсімінің толық және уақытында түсуін, сондай-ақ валюта қаражатын импорт мақсатына пайдаланудың заңдылығы мен негізділігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитетімен келісілген "Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюта бақылауын ұйымдастыру туралы" Ереже бекітілсін және ол жарияланған күнінен бастап күшіне енгізілсін.

2. Заң департаменті (Өртембаев А.К.) осы қаулыны және "Қазақстан

Республикасында экспорттық-импорттың валюта бақылауына ұйымдастыру туралы Ережені Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық (Алматы аумақтық бас) басқармаларына жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.С. Ержановқа жүктелсін.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кеден комитеті

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі

Басқармасының қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық
валюта бақылауын ұйымдастыру туралы
ЕРЕЖЕ

Осы Ереже Қазақстан Республикасында валюта түсімінің экспорттан толық және уақытында түсуін, сондай-ақ валюта қаражатын импорт мақсатына пайдаланудың заңдылығы мен негізділігіне экспорттық-импорттық валюта бақылауын жүзеге асыру тәртібін белгілейді.

1. Экспорттық-импорттық валюта бақылауының
мақсаты және бағыттары

1.1. Валюта бақылауының мақсаты экспорттық түсімнің толық және уақытында түсуін, сондай-ақ теңгені қоса алғанда валюта қаражатын импорт мақсатына пайдаланудың заңдылығы мен негізділігін қамтамасыз ету болып табылады.

1.2. Валюта бақылауының негізгі бағыттары мыналар:

- жүргізілетін экспорттық-импорттық валюта операцияларының қолданылып жүрген заңға сәйкес келуін және қажет болған жағдайда тиісті лицензиялардың болуын белгілеу;
- төлемдердің негізділігін тексеру;
- экспорттық-импорттық валюта операциялары жөніндегі есептің толық және дұрыс болуы тексеру.

1.3. Егер Ұлттық Банк берген лицензияда өзгеше көзделмеген болса, экспортерлер заңда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасындағы уәкілдік берілген банктердегі өздерінің шоттарына экспорттық түсімдерді Қазақстан Республикасының аумағында жүкті кедендік ресімдеу күнінен бастап 180 күннен кешіктірмей тіркеуді қамтамасыз етуге міндетті.

Контрактте көрсетілген уәкілдік берілген банктегі экспортердің валюта шотына қарағанда экспорттың түсімді экспортердің басқа шоттарына, сондай-ақ басқа заңды тұлғалардың шоттарына Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің

тиісті лицензиясы болғанда ғана аударуға рұқсат етіледі.

1.4. Импортер Қазақстан Республикасына құны тауарға төленген ақша қаражатына тең келетін тауарды әкелуге барлық шараларды қолдануға міндетті, ал тауар әкелінбеген жағдайда - бұрын аударылған қаражатты контрактта белгіленген мерзімде, егер Ұлттық Банк берген лицензияда өзгеше көзделмеген болса, бірақ аударылған күннен бастап 180 күнтізбелік күннен кешіктірмей қайтаруы керек.

Импортталған тауар үшін ақыны импортер уәкілдік берілген банктегі өзінің шотынан ақша аудару тәртібімен төлейді. Импортталған тауарға импортер емес үшінші адам ақыны осындай шарт бойынша импортер мен төлейтін үшінші адам арасында тиісті шарт болса ғана төлей алады.

2. Негізгі ұғымдар

Тауарлардың немесе өнімнің экспортына немесе импортына (бұдан әрі "тауар экспорты" және "тауар импорты") байланысты валюта операциялары жөніндегі құжаттарды ресімдеген кезде осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

Экспорт бойынша:

экспортер заңда немесе жеке тұлға - Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс жерлерге тауарларды сатуға (шығаруға) контракт (шарт, келісім) жасайтын Қазақстан Республикасының резиденті;

банк - валюта операцияларын жүргізуге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясын алған, контракт бойынша экспорттық түсім келіп түсуге тиісті шотты жүргізетін банк;

экспорт бойынша мәміле паспорты - осы Ережеде белгіленген нысанда жасалған валюта бақылауының құжаты, оны банктегі немесе кеден органындағы контракт шарттарына байланысты экспортер толтырады және онда сыртқы экономикалық мәміле туралы мәліметтер болады;

экспорт жөніндегі материалдар жинағы - тауар экспортынан түскен валюта түсімін бақылау жөніндегі арнайы құжаттар жинағы. Материалдар жинағын кеден органы әрбір экспорттық контракт бойынша ресімдейді;

экспорт жөніндегі іс-тауар экспортынан түскен валюта түсімін бақылау жөніндегі арнайы құжаттар жинағы. Істі банк әрбір экспорттық контракт бойынша ресімдейді;

экспорт жөніндегі журнал - осы ережеде көрсетілген валюта бақылауының кіріс және шығыс құжаттарын жеке есепке алу үшін банк және кеден органы

жүргізіп отыратын журнал;

банктің жауапты қызметкерлері - банктің атынан валюта бақылауын жүргізу жөнінде мәміле паспортына қол қоюға және басқа іс-әрекеттер жасауға уәкілдік берілген банк қызметкерлері.

Импорт бойынша:

импортер - заңды немесе жеке тұлға - Қазақстан Республикасының резиденті, оның атынан Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тауар сатып алуға және әкелуге контракт (шарт, келісім) жасалады;

банк - валюта операцияларын жүргізуге Ұлттық Банкінің лицензиясын алған, контракт бойынша импорты бойынша төлем жасалуға тиісті шотты жүргізетін банк;

импорт бойынша мәміле паспорты - осы Ережеде белгіленген нысанда жасалған валюта бақылауының құжаты, оны банктегі немесе кеден органындағы контракт шарттарына байланысты импортер толтырады және онда сыртқы экономикалық мәміле туралы мәліметтер болады;

импорт жөніндегі материалдар жинағы - тауар импорты кезінде шет ел валютасын пайдалануға бақылау жасау жөніндегі арнайы құжаттар жинағы. Материалдар жинағын кеден органы әрбір импорттық контракт бойынша ресімдейді;

импорт жөніндегі іс - өнімнің импорты кезінде шет ел валютасын бақылау жөніндегі арнайы құжаттар жинағы. Істі банк әрбір импорттық контракт бойынша ресімдейді;

импорт жөніндегі журнал - осы ережеде көрсетілген валюта бақылауының кіріс және шығыс құжаттарын жеке есепке алу үшін банк және кеден органы жүргізіп отыратын журнал;

банктің жауапты қызметкерлері - банктің атынан валюта бақылауын жүргізу жөнінде мәміле паспортына қол қоюға және басқа іс-әрекеттер жасауға уәкілдік берілген банк қызметкерлері.

3. Қазақстан Республикасы аумағында экспорт жөніндегі мәміле паспортын тауарды кедендік ресімдеуді аяқтауға дейін ресімдеу тәртібі

3.1. Егер экспортер жасаған контракт бойынша Қазақстан Республикасының аумағында тауарды кедендік ресімдеу аяқталғанға дейін экспортталатын тауарға ақы төлеу көзделген болса, экспортер жасасылған контракт негізінде өз атынан экспорт жөніндегі мәміле паспортын толтырады және қол қойып, банкке береді.

Сонымен бірге экспорт жөніндегі мәміле паспортымен қоса экспортер банкке экспорт жөніндегі мәміле паспортын жасауға негіз болған контракттің бір данасын беруге міндетті.

Экспорт жөніндегі мәміле паспортын экспортердің ресімдеуінің нысаны мен тәртібі осы Ережеге N 1 қосымшада келтіріліп отыр. Экспорт жөніндегі мәміле паспорты үш дана етіп ресімделеді.

3.2. Банктің жауапты қызметкері банкке берілген құжаттарды қарауды (экспорт жөніндегі мәміле паспортының деректерінің контракт шарттарына сәйкес келуін, экспорт жөніндегі мәміле паспортындағы қойылған қолдың экспортердің шоты бойынша бірінші болып қол қою құқығы бар адамдардың қойған қолдарының үлгілері бар құжаттағы қолдың үлгісіне сәйкес келуін тексереді) және экспорт жөніндегі мәміле паспортының экспортер берген даналарына қол қояды.

Банктің жауапты адамы қол қойған, банктің мөрімен расталған экспорт жөніндегі мәміле паспортының бірінші данасы контракттің бір данасымен қоса экспортерге қайтарылып, журналдық "шығыс" деген бағанында көрсетіледі. Журналдың нысаны осы Ережеге N 2 қосымшада келтіріліп отыр.

Экспорт жөніндегі мәміле паспортының екінші данасы банктің экспорт жөніндегі іс сақталатын орын ашуына негіз болады.

Экспорт жөніндегі мәміле паспортының үшінші данасы банктің жауапты қызметкерінің қолы қойылып және банктің мөрімен расталып кеден органына жіберіледі.

3.3. Мына төмендегі шарттардың кез келген біреуінің орындалмауы банк үшін экспорт жөніндегі мәміле паспортына қол қоюдан бас тартуға негіз болады:

- контрактідегі деректердің экспорт жөніндегі мәміле паспортында көрсетілген мәліметтерге сәйкес келмеуі;
- контрактіде Қазақстан Республикасының валюта заңдарының талаптарына қайшы келетін шарттардың болуы;
- экспорт жөніндегі мәміле паспортының белгіленген тараптарды бұза отырып ресімделуі;
- контракт бойынша валюта түсімін осы Ережеге сәйкес аталған контракт бойынша экспортерлер болып табылмайтын заңды немесе жеке тұлғалардың шоттарына аударуды көздейтін шарттардың болмауы;
- контрактіде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі экспортерге берген лицензияда көзделген жағдайлардан басқа Қазақстан Республикасының банкінде экспортердің шотына түсімді аударуды көздейтін шарттардың болмауы;
- контрактіде осы Ережеде белгіленген тәртіппен "Контракттің реквизиттері және шарттары" бөліміне сәйкес (N 1 қосымша) мәміле паспортын жасауға

қажетті қандай да бір мәліметтердің болмауы.

3.4. Экспорт жөніндегі мәміле паспортына қол қоюдан дәлелді себеппен бас тартқан жағдайда банк экспортердің берген құжаттарын қайтарады және оған экспорт жөніндегі мәміле паспортын ресімдеу контракт шарттарына тиісті өзгертулер енгізу жөнінде нұсқаулар береді.

3.5. Экспорт жөніндегі мәміле паспортына қол қойылған соң экспортер:

- экспорт жөніндегі мәміле паспортында келтірілген мәліметтердің экспорт жөніндегі мәміле паспортын жасауға негіз болған контракт шарттарына толық сәйкес келуі үшін;

- контракт бойынша экспорттан түскен түсімді толық көлемінде және контрактіде белгіленген мерзімде осы контракт бойынша валюта бақылауы агентінің міндетін атқаратын банктегі экспортердің валюта шотына аудару үшін жауапкершілікті өз мойнына алады.

3.6. Тараптар осы контракт бойынша кеден органы мен банк қол қойған экспорт жөніндегі мәміле паспортын жасаған кезде оған бұрын қолданылған мәліметтерге қатысты болатын өзгерістер енгізген жағдайда экспортер көрсетілген өзгертулер енгізілген күннен бастап он күндік мерзімде, бірақ контрактіге енгізілген өзгертулер және/немесе толықтырулар негізінде экспортталатын тауарларды кедендік ресімдеуге беретін күннен кешіктірмей банкке мыналарды береді:

- контрактіге толықтырулар және/немесе өзгертулер;
- экспорт жөніндегі мәміле паспортының нысаны бойынша жасалған, бірақ мәліметтері анықталуға тиісті бағандары (позициялары) толтырылған экспорт жөніндегі мәміле паспортына қосымша парақтар ұсынады.

Экспорт жөніндегі мәміле паспортына қосымша парақтарды одан әрі ресімдеу мен пайдалану экспорт жөніндегі мәміле паспортының өзі үшін көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

3.7. Келіп түскен және жіберілген құжаттарды банк және кеден органы экспорт жөніндегі валюта бақылауының кіріс және шығыс құжаттарының есебін жүргізетін журналға тіркеп отырады (N 2 қосымша).

4. Қазақстан Республикасының аумағында тауарды кедендік ресімдеу аяқталғаннан кейін төлем жасауды қарастыратын экспорт бойынша мәміле паспортын ресімдеу тәртібі

4.1. Егер экспортермен жасалған контракт шарттары бойынша Қазақстан Республикасының аумағында тауарды кедендік ресімдеу аяқталғаннан кейін төлем жасау қарастырылса, экспортер жасалған контракт негізінде өз атынан кеден органына берілетін экспорт бойынша мәміле паспортын толтырады және

қол қояды. Бұл орайда экспортердің:

а) экспорт бойынша мәміле паспортындағы қолдардың растығын нотариалдық тәртіппен куәландыруға құқы бар (бұл жағдайда тауарды кедендік ресімдеу осы бөлімнің 4.5-тармағына сәйкес жүргізіледі);

б) экспорттық мәмілені ресімдеуді экспорт бойынша мәміле паспортын кеден органына ұсыну жолымен, экспортерге қызмет көрсететін банкте мәміле паспортындағы қолдардың растығын кейіннен куәландыра отырып жүзеге асыруға құқы бар (бұл жағдайда тауарды кедендік ресімдеу осы бөлімнің 4.2-тармағына сәйкес жүргізіледі).

Мәміле паспортымен бір мезгілде экспортер кеден органына соның негізінде экспорт бойынша мәміле паспорты жасалған негізде контрактінің бір данасын беруге міндетті.

Экспортердің экспорт бойынша мәміле паспортын ресімдеудің үлгісі мен тәртібі осы Ереженің N 1 қосымшасында көрсетілген. Экспорт бойынша мәміле паспорты үш дана етіп ресімделеді.

4.2. Кеден органының лауазымды адамы ұсынылған экспорт бойынша мәміле паспортының контракт шартына сай келуін тексереді. Осы тарауда қарастырылған барлық талаптар сақталған және Қазақстан Республикасының кеден заңдарының барлық басқа талаптары орындалған жағдайда тауардың кедендік ресімделуін жүзеге асырушы кеден органының лауазымды адамы экспорт бойынша мәміле паспортының үш данасына қол қояды және оған өзінің жеке нөмірлі мөрін басады. Кеден органының лауазымды адамы қол қойған экспорт бойынша мәміле паспортының бір данасы мен контрактінің данасы кеден органының экспорт бойынша құжаттар жинағында қалады.

Экспорт бойынша мәміле паспортының екінші данасы кеден органының лауазымды адамының қолымен және оның жеке нөмірлі мөрінің бедерлемесімен экспортерге беріледі.

Экспорт бойынша мәміле паспортының үшінші данасын кеден органы мәміле паспортына сәйкес осы контракт бойынша кейіннен экспорттық түсім түсуі үшін банкке жібереді.

4.3. Банк кеден органының мәміле паспортын алған соң оны алған сәттен бастап үш күн мерзім ішінде өзінде экспортердің шоты бар екендігін тексереді, сондай-ақ экспорт бойынша мәміле паспортындағы қолдардың экспортердің шоты бойынша бірінші қол қою құқы бар адамдардың құжаттағы қолдарының үлгісімен сәйкес келуін тексереді. Мәміле паспорты көрсетілген талаптарға сай келгенде банктің жауапты қызметкері экспорт бойынша мәміле паспорты сақталатын экспорт бойынша іс ашады және кеден органына мәлімдеме жібереді.

Экспортердің шоты жоқ болған жағдайда банк осы оқиға туралы кеден

органына тез мәлімдейді.

Мәлімдеменің нысаны еркін жасалады.

4.4. Кеден органы банктен шоттың бар екендігі туралы мәлімдеме алған соң қолданылып жүрген кеден заңдарына сәйкес осы мәміле паспорты бойынша тауарлардың кедендік ресімделуін жүзеге асырады.

Кеден органы банктен шоттың жоқ екендігі туралы мәлімдеме алған соң Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес шара қолданады.

4.5. Экспортер кеден органына қойылған қолдар нотариалдық тәртіппен куәландырылған экспорт бойынша мәміле паспортын ұсынған жағдайда кеден органының лауазымды адамы экспорт бойынша берілген мәміле паспортының контракт шарттарына сәйкес келуін тексереді. Осы бөлімде қарастырылған барлық талаптар сақталса және Қазақстан Республикасының кеден заңдарының барлық басқа талаптары орындалса тауардың кедендік ресімделуін жүзеге асырушы кеден органының лауазымды адамы экспорт бойынша мәміле паспортының үш данасына қол қояды, оған өзінің жеке нөмірлі мөрін басып, тауарды кедендік ресімдеуге кіріседі.

Кеден органының лауазымды адамы қол қойған экспорт бойынша мәміле паспортының бір данасы мен контрактінің данасы кеден органының экспорт бойынша құжаттар жинағында қалады.

Экспорт бойынша мәміле паспортының екінші данасы кеден органының лауазымды адамының қолымен және оның жеке нөмірлі мөрінің бедерлемесімен тауардың кедендік ресімделуі аяқталған соң экспортерге беріледі.

Экспорт бойынша мәміле паспортының үшінші данасын кеден органы мәміле паспортына сәйкес осы контракт бойынша кейіннен экспорттық түсім түсуі үшін банкке жібереді.

4.6. Экспортердің шоты бар немесе жоқ екендігі туралы мәлімдемені банк кеден органына осы Ереженің 4.3-тармағына сәйкес олар мәміле паспортының данасын алғаннан кейін береді.

4.7. Мәміле паспортының данасы банк үшін экспорт бойынша іс ашуға пайдаланылады.

4.8. Кеден органының экспорт бойынша мәміле паспортына қол қоюдан бас тартуына мына жағдайлардың тым болмағанда біреуінің бар болуы негіз болып табылады:

- экспорт бойынша мәміле паспортында көрсетілген мәліметтерге контрактіде бар мәліметтердің сәйкес келмеуі;
- контрактіде Қазақстан Республикасы валюта заңдарының талаптарына қайшы келетін шарттардың болуы;
- экспорт бойынша мәміле паспорты белгілеген талаптар бұзыла отырып ресімделсе;

- контрактіде осы Ережеге сәйкес осы контракт бойынша экспортер болып табылмайтын заңды немесе жеке тұлғалардың шотында ол бойынша валюталық түсім тіркелуін қарастыратын шарттардың бар болуы;

- контрактіде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген лицензияда қарастырылған жағдайлардан басқа, Қазақстан Республикасының банкінде экспортердің шотында түсімнің тіркелуін қарастыратын шарттар болмаса;

- контрактіде мәміле паспортын жасауға қажетті осы Ережеде белгіленген тәртіппен "Контрактінің реквизиттері мен шарттары" (N 1 қосымша) тарауына сәйкес мәліметтер жоқ болса.

4.9. Экспорт бойынша мәміле паспортына қол қоюдан дәлелді түрде бас тартқан кеден органы экспортерге оның берген құжаттарын қайтарып береді және оған экспорт бойынша мәміле паспортын ресімдеу және контракт шартына тиісті өзгертулер енгізу жөнінде кеңес береді.

4.10. Экспорт бойынша мәміле паспортына қол қойылғаннан кейін экспортер осы Ереженің 3.5-тармағына сәйкес өзіне жауапкершілік алады.

4.11. Тараптар осы контракт бойынша кеден органы мен банк қол қойған экспорт бойынша мәміле паспортын жасаған кезде бұрын пайдаланылған мәліметтерге қатысты контрактіге өзгертулер енгізген жағдайда, экспортер көрсетілген өзгертулер енгізілген күннен бастап он күн мерзім ішінде, бірақ контрактіге енгізілген өзгертулер және/немесе толықтырулар негізінде экспортталатын тауарларды кедендік ресімдеуге ұсынудан кешіктірмей, кеден органдарына осы Заңның 3.6-тармағында көзделген құжаттарды береді.

4.12. Келіп түскен және жіберілген құжаттарды банк пен кеден органы экспорт бойынша валюталық бақылаудың кіріс және шығыс құжаттарының есебін жүргізу журналына тіркеп отырады (N 2 қосымша).

5. Валюта түсіміне бақылау жасау

5.1. Келіп түскен соманың бірдей болуын жеңілдету мақсатында экспортер шетелдік төлемшіні банкке жіберілетін және экспортердің пайдасына қаржы тіркелгенін растайтын банк аралық құжатта ("кілттенген" телексте, SWIFT-жолдамада, авизода, көшірмеде және т.б.) контрактінің реквизиттері мен осы контракт жөнінде экспорт бойынша мәміле паспортының нөмірін көрсету қажеттігі туралы хабардар етеді.

Банкаралық құжатта экспорт бойынша нақты мәміле паспортына банктің сома аударуы үшін қажетті мәліметтер жоқ болған жағдайда, банк келіп түскен қаржыны транзиттік шотқа тіркейді және сонымен бір мезгілдер оның атына бірдей етуге жатпайтын қаржы түскендігі туралы мәлімдейді. Экспортер банктің мәлімдемесін алған соң, экспорт бойынша мәміле паспортының нөмірі мен

реквизиттерді көрсете отырып, келіп түскен соманың жағдайы туралы банкке жазбаша хабарлауға міндетті.

5.2. Экспортердің пайдасына сома келіп түскенін растайтын барлық алғашқы банк құжаттарының көшірмелерін банк экспорт бойынша тиісті істерге олардың бірдейлігіне қарай бөледі.

5.3. Банк кеден органдарына ай сайын осы банкте қызмет көрсетілетін экспортердің экспорттық контрактісі бойынша барлық келіп түскен төлемдер туралы хабарлап отырады (хабарлама нысаны - N 5 қосымша).

5.4. Кеден органы банктің хабарламасын алған соң контракт шартына сәйкес валюта түсімінің уақытында және толық түскендігін тексереді.

5.5. Егер контракт бойынша валюта коды төлем валютасы кодымен сәйкес келмесе, экспортер кеден органына контракт бойынша валюта бағымының төлем валютасына есебін қажетті түсіндірмесімен қоса береді. Кеден органы осы есепті контракт шарттарына сәйкес келуі және есепке салынатын бағамның нақтылығы тұрғысынан тексереді, сөйтіп келіскен жағдайда валюта түсімінің бұдан әрі төлемнің жаңа валютасымен түсуін ескереді.

Есептер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейтін шет ел валюталарының ресми бағамы арқылы немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүктің кедендік декларациясы кедендік ресімдеуге қабылданған күні белгілейтін шет ел валюталарының теңгеге кросс-бағамы арқылы жүзеге асырылады.

Экспортер ұсынған есеппен келіспеген жағдайда кеден органы төлемнің валютамен түскен нақты сомасын ескереді, бұл туралы экспортер мен салық органдарына хабарлап, экспорт жөніндегі материалдарға тиісті белгі түсіреді.

5.6. Экспорттық түсім банкке толық көлемінде түспесе немесе экспорт жөніндегі мәміле паспортында көрсетілген мерзім бұзылса, экспортер экспорт өнімін толық алуы үшін шаралар қолдануға міндетті, сонымен бірге кеден органына тәртіп бұзудың себептері туралы ақпарат беруі керек.

5.7. Валюта түсімі толық немесе уақытында түспеген жағдайда кеден органы экспортерге кеден заңында көзделген санкцияларды қолдануға, сондай-ақ тиісті ақпаратты салық және құқық қорғау органдарына жіберуге құқылы.

5.8. Банктің валюта бақылауы агентінің осы бөлімде көзделген міндеттерін дұрыс атқармаған фактілері анықталған жағдайда кеден органы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиісті ақпарат жіберуге міндетті.

6. Қазақстан Республикасының аумағында тауарды кедендік ресімдеу аяқталғанға дейін экспорт бойынша мәміле паспортын ресімдеу тәртібі

6.1. Егер импортер жасаған контракт шарттарын бойынша Қазақстан Республикасының аумағында тауарды кедендік ресімдеу аяқталғанға дейін импортталатын тауарға төлем жасау көзделген болса, импортер (үшінші тұлға - контрактқа үшінші тұлғаның төлем жасау кезінде) жасалған контракт негізінде өз атынан импорт бойынша банкке берілетін мәміле паспортын толтырады және оған қол қояды. Импорт жөніндегі мәміле паспортымен бір мезгілде импортер контрактінің импорт жөніндегі мәміле паспортын жасауға негіз болған данасын, сондай-ақ үшінші тұлғаның контрактқа төлем жасау кезінде импортер мен үшінші тұлға арасындағы шарттың данасын банкке беруге міндетті.

Импортердің импорт бойынша мәміле паспортын ресімдеуінің нысаны мен тәртібі осы Ережеге N 3 қосымшада келтірілген. Импорт бойынша мәміле паспорты үш дана болып ресімделеді.

6.2. Банктің жауапты қызметкері банкке берілген құжаттарды қарайды (импорт бойынша мәміле паспортының мәліметтерінің контракт шарттарына сәйкестілігін, импорт бойынша мәміле паспортындағы қолдардың импортер шоты бойынша бірінші қол қоюға құқығы бар адамдар қолдарының үлгілері бар құжаттағы қолдардың үлгілерімен сәйкестілігін тексереді) және импорт бойынша мәміле паспортының импортер ұсынған данасына, сондай-ақ үшінші тұлғаның контрактқа төлем жасауы кезінде импортер мен үшінші тұлға арасындағы шарт данасына қол қояды.

Банктің мөрімен куәландырып, банктің жауапты адамы қол қойған импорт бойынша мәміле паспортының бірінші данасы контракт данасымен бірге импортерге қайтарылады, бұл журналдың "шығыс" бағанында көрсетіледі. Журналдың нысаны осы Ережеге N 4 қосымшада келтірілген.

Импорт бойынша мәміле паспортының екінші данасы банктің өзінде сақталатын импорт бойынша іс ашуына негіз болады.

Банктің жауапты адамының қолы қойылған және банк мөрімен куәландырылған импорт бойынша мәміле паспортының үшінші данасын банк кеден органына жібереді.

6.3. Импорт контрактысына төлем жасау үшін банктің төлем құжаттарын импортер импорт бойынша мәміле паспортын және шетелдік әріптеспен контракт негізінде ресімдейді.

6.4. Банктік төлем құжатына енгізілген мәліметтерді банк импорт бойынша мәміле паспортының және контрактының мәліметтерімен салыстыра отырып тексереді.

6.5. Импорт бойынша мәміле паспортындағы, контракттағы және төлем құжатындағы мәліметтер сәйкес келген жағдайда банктің жауапты қызметкері импорт бойынша контрактқа төлем жасау үшін банктік құжатқа рұқсат визасын қояды.

Банк контракт шарттарына сәйкес жасалған төлем туралы кеден органына хабарлауға міндетті. Жасалған төлемдер туралы мәліметтердің бәрі бақылауды жүзеге асыру мақсатымен банк пен кеден органы ресімдейтін іске және импорт жөніндегі құжаттар жинағына енгізіледі (Хабарлама нысаны N 6 қосымша).

6.6. Егер контракт бойынша валюта коды төлем валютасының кодымен сәйкес келмесе, импортер кеден органына қажетті түсіндірулерімен қоса контракт бойынша валюта бағамының төлем валютасына есеп айырысуын ұсынады. Кеден органы аталған есеп айырысуды контракт шартына сәйкес келуі және есеп айырысуға қалыптасқан бағамның нақтылығы тұрғысынан тексереді және келісілген жағдайда болашақта тауардың түсуін ескереді.

Есеп айырысулар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген шетелдік валютаның ресми бағамы немесе кедендік жүк декларациясын кедендік ресімдеуге қабылдау уақытында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген шетелдік валютаның теңге кросс-бағамы арқылы жүзеге асырылады.

Импортер ұсынған есеп айырысумен келіспеген жағдайда кеден органы нақты түскен тауарды ескереді, бұл туралы импортер мен салық органдарына жазбаша хабарлап, импорт бойынша материалдарға тиісті белгі қояды.

6.7. Импортер импорт бойынша мәміле паспортына қол қоя отырып, өзіне:

- импорт бойынша мәміле паспортында келтірілген мәліметтердің осы импорт бойынша мәміле паспорты жасалған контракт шарттарына толық сәйкес келуі;
- импортталған тауарды толық көлемінде және контракта белгіленген мерзімде алу немесе тауарды жеткізу мүмкін болмаған жағдайда, контракт бойынша бұрын шетелдік тарапқа аударылған алдын ала жасалған төлем сомаларын импортердің импорт бойынша мәміле паспортында көрсетілген валюталық шотына белгіленген мерзімде қайтару жауапкершілігін алады.

6.8. Төмендегі шарттардың типті біреуінің болмауы банк үшін импорт бойынша мәміле паспортына қол қоюдан бас тартуына негіз болып табылады:

Бұл шарттар мынадай:

- контракт мазмұнындағы мәліметтердің мәміле паспортында көрсетілген мәліметтермен сәйкес келмеуі;
- белгіленген талаптарды бұза отырып импорт бойынша мәміле паспортын ресімдеу;
- Қазақстан Республикасына импорт өнімдерінің түсу мерзімін көздейтін шарттардың контракта болмауы;
- Қазақстан Республикасының валюта заңдарының талаптарына қайшы келетін шарттардың контракта болуы;
- егер контракта тауарда Қазақстан Республикасының аумағына әкелгенге дейін төлем жасау көзделген жағдайда, тауарды жеткізбеген кезде импортердің банктегі шотына импортталатын тауарға төлем жасауға аударылған ақшалай

қаражатты қайтарудың нақты мерзімін белгілейтін шарттардың контракта болмауы.

6.9. Импорт бойынша мәміле паспортына қол қоюдан дәлелді бас тарту кезінде банк импортерге ол берген құжаттарды қайтарады және импортшыға импорт бойынша мәміле паспортын ресімдеу мен контракт шартына тиісті өзгертулер енгізу жөнінде ұсыныстар береді.

6.10. Тараптар контрактқа импорт бойынша мәміле паспортын жасау кезінде бұрын пайдаланылған, осы контракт бойынша банк куәландырған мәліметтерді қозғайтын өзгерістер енгізген жағдайда импортер аталған өзгерістер енгізілген күннен бастап он күн мерзімде, контрактқа енгізілген өзгерістер мен толықтырулар негізінде импортталатын тауарды кедендік ресімдеуге ұсынудан кешіктірмей, банкке:

- контрактқа толықтырулар мен өзгерістерді;
- импорт бойынша мәміле паспортының нысанымен, бірақ тек қана мәліметтері анықталуға тиіс бағанды (позицияны) толтыра отырып жасалатын импорт бойынша мәміле паспортына қосымша парақтарды ұсынады. Импорт бойынша мәміле паспортына қосымша парақтарды одан әрі ресімдеу мен пайдалану импорт бойынша мәміле паспорты үшін көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

6.11. Импортер кеден органдарына импортталған тауарды кедендік ресімдеуге беру кезінде белгіленген тәртіппен банк куәландырған импорт бойынша мәміле паспортының данасын және оған қосымша парақтарды ұсынады

6.12. Кеден органдары импортталған тауарларды кедендік ресімдеуге Қазақстан Республикасының кеден заңдарында көзделген түрлі құжаттарға оларды толықтыруға, банктің жауапты адамы куәландырған және банк мөрімен басылған импорт бойынша мәміле паспортының данасын ұсыну барысында қабылдайды.

6.13. Кеден органдары импортер ұсынған импорт бойынша мәміле паспортындағы мәліметтердің банк ұсынған мәміле паспортының мәліметтерімен сәйкестігін, олардың кедендік жүк декларациясында көрсетілген деректермен және олардың қолында бар басқа да құжаттармен сәйкес келуін тексереді.

6.14. Осы бөлімнің 6.13-тармағында көрсетілген құжаттарда бар кеден органы картотекасындағы ақпараттарда айырмашылық болмаған жағдайда және Қазақстан Республикасының кеден заңдарының өзге де барлық талаптарын орындау барысында тауарды ресімдейтін кеден органының лауазымды адамы импорт бойынша мәміле паспортына және кедендік жүк декларациясына қол қойып, осы құжаттарға өз қолын және дербес номерлі мөрін басады.

Кеден органының лауазымды адамы қол қойған импорт бойынша мәміле паспортының данасы кедендік жүк декларациясының данасымен бірге кеден органының импорт жөніндегі материалдар жинағында қалады.

6.15. Кеден органы лауазымды адамының қолы және оның дербес номерлі мөрінің бедерлемесі бар импортталатын тауарға берілетін кедендік жүк декларациясы импортерге беріледі.

6.16. Егер импорт бойынша тауар толық көлемінде түспесе немесе импорт бойынша мәміле паспортында көрсетілген мерзімді бұза отырып түссе, импортер импорт бойынша тауарды толық алу үшін шаралар қолдануға немесе сонымен бір мезгілде кеден органына орын алған тәртіп бұзушылықтың себептері туралы ақпарат бере отырып, тауар импортына төлем жасау үшін аударылған ақша қаражатын қайтаруға міндетті. Түскен жүктердің бірдей болуын жеңілдету мақсаты үшін импортер жүк берушіні импортердің мекен-жайына жіберілетін және тауарлардың олардың пайдасына жөнелтілгенін қуаттайтын ілеспе құжаттарда контракт реквизиттері мен осы контракт бойынша импорт жөніндегі мәміле паспортының номерін көрсету қажеттігі туралы хабардар етеді.

6.17. Кеден органы контракт және импорт бойынша паспорт мәмілесінің шарттарына сәйкес тауардың дер кезінде түсуіне бақылау жасайды. Тауардың түсу мерзімі бұзылған жағдайда кеден органдары орын алған тәртіп бұзушылық туралы салық және құқық қорғау органдарын хабардар етеді және импортерге кеден заңдарында көзделген санкцияларды қолдануға құқылы.

6.18. Егер контракт шартында тауарды бірнеше топпен беру, ал төлем жасау кезекті топтың нақты түсуіне қарай көзделсе, банк контракт шарттарына сәйкес жүргізілген төлем туралы кеден органына хабарлауға міндетті. Жасалған төлемдер туралы барлық мәліметтер бақылау жүргізу мақсатында тиісінше банк және кеден органы қалыптастыратын импорт жөніндегі іс пен материалдар жинағына енгізіледі. (Хабарлама нысаны - N 6 қосымша).

7. Қазақстан Республикасының аумағында тауарды кедендік ресімдеу аяқталғаннан кейін төлем жасауды көздейтін импорт бойынша мәмілені ресімдеу тәртібі

7.1. Егер импортермен жасалған контракт шарты бойынша Қазақстан Республикасының аумағында тауарды кедендік ресімдеу аяқталғаннан кейін төлем жасау қарастырылса, импортер жасалған контракт негізінде өз атынан кеден органына берілетін импорт бойынша мәміле паспортын толтырады және қол қояды. Бұл орайда импортердің:

а) импорт бойынша мәміле паспортындағы қолдардың растығын нотариалдық тәртіппен куәландыруға құқы бар (бұл жағдайда тауарды кедендік ресімдеу осы

бөлімнің 7.5-тармағына сәйкес жүргізіледі);

б) импорттық мәмілені ресімдеуді импорт бойынша мәміле паспортын кеден органына ұсыну жолымен, импортерге қызмет көрсететін банкте мәміле паспортындағы қолдардың растығын кейіннен куәландыра отырып жүзеге асыруға құқы бар (бұл жағдайда тауарды кедендік ресімдеу осы бөлімнің 7.2-тармағына сәйкес жүргізіледі).

Импортер мәміле паспортымен бір мезгілде кеден органына импорт бойынша мәміле паспорты жасауға негіз болған контрактті беруге міндетті.

Импортердің импорт бойынша мәміле паспортын ресімдеу нысаны мен тәртібі осы Ереженің N 3 қосымшасында келтірілген. Импорт бойынша мәміле паспорты үш дана етіп ресімделеді.

7.2. Кеден органының лауазымды адамы ұсынылған құжаттарды қарайды және импорт бойынша мәміле паспорты мәліметтерінің контракт шарттарына сәйкестілігін тексереді, осы бөлімде көзделген барлық талаптар сақталған жағдайда және Қазақстан Республикасы кеден заңдарының өзге де барлық талаптары орындалған кезде импортер ұсынған импорт бойынша мәміле паспортына қол қойып, дербес номерлі мөрімен растайды.

Кеден органының лауазымды адамы қол қойған импорт бойынша мәміле паспортының бірінші данасы контракттың данасымен бірге импортерге қайтарылады, бұл валюталық бақылаудың кіріс және шығыс құжаттарын есепке алу журналының "шығыс" бағанында көрсетіледі (N 4 қосымша).

Импорт бойынша мәміле паспортының екінші мен контракттың данасы кеден органының импорт бойынша материалдар жинағын ашуға негіз болып табылады, мұнда ол болашақта бақылау қызметін жүзеге асыру үшін сақталады.

Импорт бойынша мәміле паспортының үшінші данасын кеден органы банкке жібереді.

7.3. Банк кеден органынан мәміле паспортын алған соң оны алған сәттен бастап үш күн мерзімде өзінде импортер шотының болуын тексереді, сондай-ақ импорт бойынша мәміле паспортындағы қолдардың импорт шоты бойынша бірінші қол қою құқы бар адамдар қолдарының үлгілері бар құжаттағы қолдардың үлгілерімен сәйкес келуін салыстырады. Мәміле паспорты аталған талаптарға сәйкес келуі барысында банктің жауапты қызметкері импорт жөніндегі мәміле паспорты сақталатын импорт бойынша іс ашады және кеден органына хабарлама жібереді.

Импортердің шоты болған жағдайда банк осы факті туралы кеден органын хабардар етеді.

Хабарлама нысаны еркін түрде жазылады.

7.4. Шоттың бар екендігі туралы банктің хабарламасын алған соң кеден органы қолданылып жүрген кеден заңдарына сәйкес осы мәміле паспорты

бойынша тауарларды кедендік ресімдеуді жүргізеді.

Импортер шотының жоқтығы туралы банк хабарламасын алған соң кеден органы Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес шаралар қолданады.

7.5. Импортер кеден органына қойылған қолдар нотариалдық тәртіппен куәландырылған импорт бойынша мәміле паспортын ұсынған жағдайда кеден органының лауазымды адамы ұсынылған импорт бойынша мәміле паспортының контракт шарттарына сәйкес келуін тексереді. Осы бөлімде көзделген барлық талаптар сақталса және Қазақстан Республикасы кеден заңдарының барлық басқа талаптары орындалса тауарды кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын кеден органының лауазымды адамы импорт бойынша мәміле паспортының үш данасына қол қояды, оған өзінің жеке нөмірлі мөрін басып, тауарды кедендік ресімдеуге кіріседі.

Кеден органының лауазымды адамы қол қойған импорт бойынша мәміле паспортының бір данасы және контракт данасы кеден органының импорт жөніндегі материалдар жинағында қалады.

Кеден органы лауазымды адамының қолы мен оның жеке номерлі мөрінің бедерлемесі бар импорт бойынша мәміле паспортының екінші данасы және кедендік жүк декларациясының данасы импортерге тауарды кедендік ресімдеу аяқталған соң беріледі.

Импорт бойынша мәміле паспортының үшінші данасын кеден органы банкке жібереді.

7.6. Импортерде шоттың болуы немесе болмауы туралы хабарламаны банк кеден органына осы Ереженің 7.3-тармағына сәйкес олар мәміле паспортының данасын алған соң береді.

7.7. Мәміле паспортының данасы банк үшін импорт бойынша іс ашуға негіз болады.

7.8. Импортер контракт бойынша төлемді жүзеге асыру үшін банкке импорт бойынша мәміле паспортын және контрактті ұсынады.

7.9. Банктің төлем құжатына енгізілген мәліметтерді банк импорт бойынша мәміле паспортының және контракттың мәліметтерімен тексереді.

7.10. Импорт бойынша мәміле паспортындағы және төлем құжаттарындағы мәліметтер сәйкес келген жағдайда банктің жауапты қызметкері импорт жөніндегі контрактқа төлем жасау үшін банк құжатына рұқсат визасын қояды.

7.11. Банк контракт шарттарына сәйкес жасалған төлем туралы кеден органына хабарлауға міндетті. Жасалған төлем туралы барлық мәліметтер бақылау жүргізу мақсатында тиісінше банк және кеден органы қалыптастыратын импорт жөніндегі іс пен материалдар жинағына енгізіледі (Хабарлама нысаны - N 6 қосымша).

7.12. Банк осы бөлімде көзделген валюталық бақылау агентінің міндеттерін бұзу фактілерін анықтаған жағдайда кеден органы тиісті ақпаратты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жібереді.

7.13. Түскен және жөнелтілген құжаттарды банк пен кеден органы импорт бойынша валюталық бақылаудың кіріс және шығыс құжаттары журналында тіркеп отырады.

8. Қазақстан Республикасындағы экспорт-импорт операцияларына бақылау жасау іс-әрекетін техникалық қамтамасыз ету

8.1. Осы Ереженің талаптарына сәйкес ресімделетін құжаттардағы мәліметтер банктер үшін банктік құпия, ал кеден органы үшін - қызметтік пайдалануға арналған ақпарат болып табылады. Банктер мен кеден органдары осы ақпараттың құпиялығын қамтамасыз етеді.

8.2. Кеден органымен жазбаша келісу және банктердің кеден органымен бірлесе отырып құжаттарды сақтау мен іркіліссіз жеткізуді қамтамасыз ететін процедурасын жасауы кезінде банктер құжаттарды электронды айырбастауға көше алады.

8.3. Атауы мен почталық мекен-жайын өзгерткен банктер:

- өзгерту күнінен 10 күн бұрын бұл жайында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық басқармаларын және Қазақстан Республикасының кеден органдарын жеделхат арқылы хабардар етуге;

- енгізілген өзгерістер жөнінде осы банктерде шоттары бар барлық клиенттерді жазбаша хабардар етуге;

- кеден органдарынан, сарапшылардан және импортерленден олардың бұрынғы мекен-жайы мен бұрынғы атауына түскен корреспонденцияларды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, кеден органына және банк клиентіне аталған ақпараттарды жіберген уақыттан бастап 30 күн ішінде қабылдаушы қамтамасыз етуге міндетті.

Кеден органы бұл жағдайда банктің аталған мәлідемесі негізінде тауарды мәміле паспортымен кедендік ресімдеуге 30 күн ішінде бұрынғы атауымен және почталық мекен-жайымен қабылдайды.

8.4. Қызмет көрсетуші банк өзгерген жағдайда экспортер (импортер) жаңа мәміле паспортына қол қойған күннен бастап үш күн мерзімде кеден органына жаңа мәміле паспортының көшірмесін ұсынуға тиіс.

8.5. Осы контракт бойынша ресімделген бұрынғы мәміле паспорты жарамсыз деп танылады. Кеден органдары осындай мәміле паспорттарын бере отырып ресімделетін тауарларды шығармайды (өткізбейді).

8.6. Егер ресімделген экспорттық-импорттық мәміледе тиісті контракт күшіне

енгеннен уақыттан бастап 180 күнтізбелік күннен асатын мерзімде ақшаның түсуі немесе аударылуы көзделген жағдайда, экспортер (импортер) мәміле паспортын ресімдегенге дейін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен тиісті лицензия немесе мәміле паспортына міндетті түрдегі қосымша болып табылатын тіркеу туралы куәлік алуға міндетті.

8.7. Шетелдік сатып алушыдан экспорттық түсім осы контракт бойынша мәміле паспортын ресімдемейтін банкке түскен жағдайда, экспортер банкке түскен ақшаны толық сомасында аталған мәміле паспортын ресімдейтін банктегі өзінің валюталық шотына аударуға тапсырма беруге міндетті. Экспортер ақша аударуға тапсырмамен бірге банк куәландырған мәміле паспортының данасын береді, ол ақша аударуға өтінішпен бірге түсімді алған банк үшін аударымды жүзеге асыруға негіз болады.

9. Валюталық бақылау органдары мен агенттері

9.1. Қазақстан Республикасында валюталық бақылауды валюталық бақылау органдары және агенттері өз құзырлары шегінде қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырады.

9.2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының кеден органдарын нақты почталық мекен-жайларын көрсете отырып, барлық банктер мен олардың филиалдарының тізімдерімен жедел түрде жабдықтайды, аталған мәліметтерге кез-келген өзгерістерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен валютаның ресми бағамы туралы ақпараттарды уақытында жеткізеді.

9.3. Валюталық бақылау агенттері өз құзырлары шегінде Қазақстан Республикасында экспортерлер мен импортерлер жүргізген валюталық операцияларға, осы операциялардың қолданылып жүрген заңдарға, лицензия шарттарына сәйкес келуіне бақылау жасайды.

10. Экспортерлер мен импортерлердің құқықтары мен міндеттері

10.1. Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық операцияларды жүзеге асыратын экспортерлер мен импортерлердің:

а) валюталық бақылау органдары мен агенттері жүргізген тексеру актілерімен танысуға;

б) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіппен валюталық бақылау органдары мен агенттерінің іс-әрекетіне шағым беруге;

в) Қазақстан Республикасының басқа да заңдық және нормативтік құқықтық актілерімен көзделген басқа да іс-әрекет жасауға құқылы.

10.2. Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық операцияларды жүзеге асыратын экспортерлер мен импортерлер:

а) валюталық бақылау органдары мен агенттеріне экспорттық-импорттық операциялардың жүзеге асырылғандығы туралы барлық сұралған құжаттар мен акпараттарды беруге;

б) валюталық бақылау органдарының қызметкерлерін экспорттық-импорттық операцияларды жүзеге асыруға байланысты кез келген құжаттарға тексеру жүргізуге жіберуге;

в) валюталық бақылау органдары мен агенттеріне олардың тексеру жүргізуі барысында және тексеру қорытындылары бойынша түсініктемелер беруге;

г) валюталық бақылау органдары мен агенттері жүргізген тексеру

актісінде баяндалған фактілермен келіспеген жағдайда, осы актіге қол қоюдан бас тарту себебін жазбаша түсінік беруге;

д) өздері жүргізген экспорттық-импорттық операциялар бойынша олардың бес жылдан кем болмайтын уақыт сақталуын қамтамасыз ете отырып есепке алуды жүргізуге және есеп беруге;

е) валюталық бақылау органдарының анықталған тәртіп бұзушылықты жою жөніндегі талаптарын (нұсқауларын, ұйғарымдарын) орындауға;

ж) қолданылып жүрген заңдарда белгіленген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

11. Банктердің осы Ережені бұзғаны үшін жауапкершілігі

11.1. Банктерге осы Ереже талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауапкершілік жүктеледі.

11.2. Банктердің осы Ереже нормаларын ұдайы бұзғаны үшін валюталық бақылау органдарының өз өкілеттігі шегінде санкциялар қолдануға құқығы бар.

12. Экспортерлер мен импортерлердің осы Ережені бұзғаны үшін жауапкершілігі

12.1. Экспортерлер куәландырылған соң жалған мәміле паспортын жасағаны -

түзету енгізгені немесе банктің жауапты қызметкерінің қолын немесе банктің мөрін және кеден органының лауазымды адамының қолы мен оның мөрін жасағаны үшін, мәміле паспортында көрсетілген тауарға сәйкес келмейтін тауарды Республикаға әкелгені немесе одан тысқары жерлерге шығарғаны, сондай-ақ осы ереженің талаптарын сақтамағаны үшін Қазақстан Республикасының кедендік, әкімшілік және қылмыстық заңдарына сәйкес жауап береді.

13. Экспортерлер, импортерлер қызметкерлердің және валюталық бақылау органдары мен агенттерінің лауазымды адамдарының осы ереженің талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілігі

13.1. Экспортер, импортер жауапты қызметкерлер және валюталық бақылау органдары мен агенттерінің лауазымды адамдары осы Ереженің талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қылмыстық, әкімшілік және азаматтық-құқықтық жауапкершілік арқалайды.

13.2. Валюталық бақылау органдары мен агенттерінің лауазымды

адамдары валюталық бақылау қызметін атқару кезінде өздеріне мәлім болған ақпараттарды жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік арқалайды.

14. Қорытынды ережелер

Осы Ереже күшіне енгенге дейін экспорттық-импорттық контракттар жасаған экспортерлер (импортерлер), егер контракттар бойынша есеп аяқталмаған жағдайда, осы Ереже күшіне енген күннен бастап бір ай мерзімде осы Ереженің талаптарына сәйкес мәміле паспортын ресімдеуге міндетті.

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кеден комитетінің
Төрағасы

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің
Төрағасы

№ 1 қосымша

№ 1/1 (1/2) экспорт жөніндегі мәміле

ПАСПОРТЫ

_____ ж.

ЭКСПОРТЕР БАНКТИҢ РЕКВИЗИТТЕРІ

Атауы _____

Филиалы _____

Тұрған орны _____

ЭКСПОРТЕРДІҢ РЕКВИЗИТТЕРІ

Атауы _____

ОКПО коды _____

Мекен-жайы _____

Банк шотының нөмері _____

Салық тіркеу нөмері _____

Салық органының мекен-жайы _____

ШЕТ ЕЛ САТЫП АЛУШЫСЫНЫҢ РЕКВИЗИТТЕРІ

Атауы _____

Ел _____

Тұрған орны _____

Сатып алушы банктің реквизиттері _____

РЕКВИЗИТТЕР ЖӘНЕ КОНТРАКТІНІҢ ШАРТТАРЫ

Номері _____ Соңғы төлем _____

Күні _____ Төлем валютасы _____

Контракт сомасы _____ Төлем валютасының коды _____

Тауар, жүк _____

Контракт бойынша валюта _____ Есеп нысаны _____

Порт, белгіленген станция _____

Контракт бойынша валюта коды _____ Түсімнің келіп түсуі _____

Валюталық ескертпе _____

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ ЛИЦЕНЗИЯСЫ

Лицензияның номері _____ Күні _____

СЕНІМ БІЛДІРІЛГЕН АДАМДАРДЫҢ ҚОЛЫ:

Банктің атынан _____ Экспортердің атынан _____ Кеден органының атынан
лауазымы _____ лауазымы _____ лауазымы _____

Аты-жөні (қолы) _____ Аты-жөні (қолы) _____ Аты-жөні (қолы) _____

М.О. күні _____ М.О. күні _____ М.О. күні _____

БАНКТИҢ, КЕДЕН ОРГАНЫНЫҢ ЕРЕКШЕ БЕЛГІЛЕРІ

Мәміле паспортын ресімдеу ТӘРТІБІ

"Экспорт жөніндегі мәміле паспорты" - қисық сызықпен бөлінген төрт бөліктен тұратын мәміле паспортының күрделі коды көрсетіледі:

- бірінші бөлігі екі араб санынан тұрады, оның "1" деген бірінші саны осы экспорт жөніндегі мәміле паспортының тауар экспортынан келіп түскен түсімге валюталық бақылау жасауға арналған, ал "1" деген екінші саны мәміленің банкте, немесе "2" - кеден органында ресімделгенін көрсетеді.

- екінші бөлігі ОКПО (мекемелер мен ұйымдардың жалпы классификаторы) бойынша банк кодын құрайтын сегіз саннан тұрады.

- үшінші бөлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі банк филиалына берген номерден тұратын үш саннан тұрады. Банктің бас кеңсесінде есеп жүргізген кезде немесе филиалдары болмағанда бұл бөлікке "000" қойылады,

- төртінші бөлігі журналға сәйкес осы экспорт жөніндегі мәміле паспортының рет номерінен тұрады. "экспорт жөніндегі мәміле паспорты" деген бағанның астына оның N 2 үлгідегі журналға тіркелген күні көрсетіледі.

"Банк реквизиттері" бөлімі былайша толтырылады.

"Атауы" деген бағанға осы экспорт жөніндегі мәміле паспортына қол қойған банктің аты толық көрсетіледі.

"Филиал" деген бағанға экспортердің шоты жүргізілетін филиалдың толық аты көрсетіледі, бұдан әріде экспорт жөніндегі мәміле паспортының "шот номері" бағанында көрсетіледі. Көрсетілген шот банк филиалында жүргізілген жағдайда ғана толтырылады. "Тұрған орны" деген бағанға экспортер шотын жүргізуші банктің (немесе экспортердің шоты банк филиалында жүргізілсе, банк филиалының) толық почталық мекен-жайы көрсетіледі.

"Экспортердің реквизиттері" бөлімі былайша толтырылады:

"Атауы" деген бағанда мәміле паспортына қол қойған экспортердің толық

ресми аты көрсетіледі.

"ОКПО коды" деген бағанда мәміле паспортына қол қойған экспортердің оған мемлекеттік статистика органы берген сегіз таңбалы коды көрсетіледі.

"Тұрған орны" деген бағанда экспорт жөніндегі мәміле паспортына қол қойған экспортердің толық почталық мекен-жайы көрсетіледі.

"Банк шотының номері" деген бағанда мәміле паспортына қол қойған экспортердің осы мәміле паспортында көрсетілген контракті бойынша валюталық түсім түсуі тиіс валюталық шотының номері көрсетіледі.

"СТН" бағанында экспортердің салық органында салық төлеуші ретінде тіркелген тіркеу номері көрсетіледі.

"Салық органының мекен-жайы" деген бағанда экспортердің тіркелген жері бойынша салық органдарының мекен-жайы көрсетіледі.

"Шет ел сатып алушысының реквизиттері" бөлімі былайша толтырылады:

"Атауы" деген бағанда осы экспорт жөніндегі мәміле паспорты негізінде жасалған контрактіде көрсетілген түрдегі экспортталатын тауарларды шет елдік сатып алушының аты көрсетіледі.

"Ел" деген бағанда кәсіпкер ретінде тіркелген сатып алушының елінің аты көрсетіледі.

"Мекен-жайы" деген бағанда осы экспорт жөніндегі мәміле паспорты негізінде жасалған контрактінің шарттарына сәйкес шет ел сатып алушысының заңды мекен-жайы көрсетіледі. "Сатып алушы банктің реквизиттері" деген бағанда шет ел сатып алушысына қызмет көрсететін банктің мекен-жайы мен реквизиттері көрсетіледі.

"Контрактінің реквизиттері мен шарттары" бөлімі былайша толтырылады:

"Номері" деген бағанда осы экспорт жөніндегі мәміле паспорты негізінде жасалған контрактінің номері көрсетіледі.

"Күні" деген бағанда контрактіге қол қойылған күні көрсетіледі.

"Контракт сомасы" деген бағанда осы контрактіге сәйкес экспортталатын тауарлардың жалпы құны көрсетіледі.

"Тауар, жүк" деген бағанда контракт бойынша тауардың аты көрсетіледі.

"Порт, белгіленген станция" деген бағанда сатып алушының еліндегі жүк жеткізілетін орын көрсетіледі.

"Контракт бойынша валюта" деген бағанда "Кедендік жүк декларациясын толтыру тәртібі туралы" Мемлекеттік кеден комитетінің нұсқаулығы негізінде республикалық кеден органдары қолданатын валюталар классификаторына

сәйкес контракт сомасы белгіленген валюта атауы көрсетіледі.

"Контракт бойынша валюта коды" деген бағанда "Кедендік жүк декларациясының толтыру тәртібі туралы" Мемлекеттік кеден комитетінің нұсқаулығы негізінде Республикалық кеден органдары қолданатын валюталар классификаторына сәйкес контракт бойынша валюта коды көрсетіледі.

"Валюталық ескертпе" деген бағанда контракт бойынша валюта төлеміне валюта бағамын есептеу тәсілі көрсетіледі ("контракт бойынша валюта" мен "төлем валютасы" сәйкес келмегенде ғана толтырылады).

"Соңғы төлем" деген бағанда осы экспорт бойынша мәміле паспорты негізінде жасалған контракт бойынша соңғы төлемнің экспортерлердің валюта шотына келіп түсуінің есеп айырысу күні көрсетіледі. "Соңғы төлемді" экспортер болжанған соңғы кедендік ресімдеу күніне "түсімнің келіп түсуі" деген бағанда көрсетілген, контракт шарты бойынша түсімінің рұқсат етілген келіп түсу мерзімін қоса отырып өз бетінше есептейді.

"Төлем валютасы" деген бағанда "Кедендік жүк декларациясын толтыру тәртібі туралы" Мемлекеттік кеден комитетінің нұсқаулығы негізінде республикалық кеден органдары қолданатын валюталар классификаторына сәйкес экспортталатын тауардың төлемі жүргізілетін валютаның аты көрсетіледі.

"Төлем валютасының коды" деген бағанда "Кедендік жүк декларациясын толтыру тәртібі туралы" Мемлекеттік кеден комитетінің нұсқаулығы негізінде республикалық кеден органдары қолданатын валюталар классификаторына сәйкес төлем валютасының коды көрсетіледі.

"Есеп айырысу түрі" деген бағанда контрактідегі шарттарға сәйкес (төменде келтірілген классификаторға сай) экспортталатын тауар үшін қолданатын есеп айырысу түрінің коды көрсетіледі.

Есеп айырысу	нысаны	коды
Аванстық төлем		
(алдын ала төлеу)	00	
аккредитив	10	
инкассо	20	
аударым	30	

Есеп айырысудың аралас түрі қолданылуы мүмкін, онда бағанға екі код жазылады.

"Түсімнің келіп түсуі" бағанында төменде келтірілген классификаторға

сай тауар экспортынан валюта түсімі келіп түскендегі есеп айырысу мерзімінің коды көрсетіледі:

Түсімнің келіп түсу мерзімі	Коды
Аванстық төлем	00
30 күн ішінде	01
60 күн ішінде	02
90 күн ішінде	03
120 күн ішінде	04
150 күн ішінде	05
180 күн ішінде	06
9 ай ішінде	09
12 ай ішінде	12
18 ай ішінде	18
2 жыл ішінде	22
3 жыл ішінде	23
4 жыл ішінде	24
5-9 жыл ішінде	25, 26, 27, 28, 29
10 жыл ішінде және 30-дан астам	

Тауар экспортынан түсетін түсімнің келіп түсу мерзімін экспортер Қазақстан Республикасы мен басқа елдердің территориясымен тауарлардың жылу уақытының және банк құжаттарының, контракт жөніндегі төлем шарттарының өту уақытын және басқа факторларды ескере отырып өз бетінше белгілейді. Көрсетілген мерзім тауарларды кедендік ресімдеу күнінен бастап есептеледі.

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Лицензиясы" бөлімі Экспорттық

түсім банк шотына түспей келіп түскен жағдайда толтырылады.

"Сенім білдірілген адамдардың қолы" бөлімі былайша толтырылады.

Экспорт жөніндегі паспорттың барлық даналарына (лауазымы, аты-жөні көрсетіле отырып) қол қойылады:

- экспортердің атынан - экспортер басшысы;
- банктің атынан - банктің жауапты қызметкерлерінің бірі;
- кеден органының атынан - тауарларды кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын лауазымды адам және банктің, экспортер мен кеден органының

мөрлері қойылады.

"Банктің, кеден органының ерекше белгілері" бөлімінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі рұқсат берген мерзімі ұзартылған төлем уақыты (180 күннен астам) немесе мәміле паспорты бағанында көрсетілмеген, бірақ осы Ережеде қарастырылған не валюталық бақылау органдары мен агенттерінің жұмысын жеңілдету үшін жазылған жазбалар көрсетіледі.

N 2 қосымша

"БАНК, КЕДЕН ОРГАНЫ" _____

(банктің және оның филиалының, кеден органының толық атауы)

199__ жылғы экспорт жөніндегі валюта бақылауының кіріс және шығыс құжаттарын есепке алу

ЖУРНАЛЫ

Басталуы _____ (көрсетілген күнтізбелік жылда журналда бірінші тіркелген құжаттың тіркеу күні көрсетіледі)

Аяқталуы _____ (көрсетілген күнтізбелік жылда соңғы тіркелген құжаттың тіркеу күні көрсетіледі)

Бланк

Құжаттың атауы

Номері және күні

Шығыс

- түскен күні

- Корреспондент

Кіріс

- жіберілген күні

- Корреспондент

- құжатты алған адамның қолы

Ескерту: импорт жөніндегі валюта бақылауының кіріс және шығыс құжаттарын есепке алу журналы әр күнтізбелік жылға жасалады (бірінші құжаттың келіп түскен күнінен). Журнал аяқталғанда банктің бас бухгалтерінің және кеден органның лауазымды адамның қолы қойылады және архивке сақтауға өткізіледі. Архивте сақталу мерзімі - журнал аяқталған күннен бастап 5 жыл.

N 3 қосымша

№ 2/1 (2/2) импорт жөніндегі мәміле

ПАСПОРТЫ

_____ ж.

БАНКТІҢ РЕКВИЗИТТЕРІ

Атауы _____

Филиалы _____

Тұрған орны _____

ИМПОРТЕРДІҢ РЕКВИЗИТТЕРІ

Атауы _____

ОКПО коды _____

Мекен-жайы _____

Банк номерінің шоты _____

Салық тіркеу нөмері _____

Салық органының мекен-жайы _____

ҮШІНШІ АДАМНЫҢ РЕКВИЗИТТЕРІ

Атауы _____

ОКПО коды _____

Мекен-жайы _____

Банк номерінің шоты _____

Салық тіркеу нөмері _____

Салық органының мекен-жайы _____

ШЕТ ЕЛ САТЫП АЛУШЫСЫНЫҢ РЕКВИЗИТТЕРІ

Атауы _____

Ел _____

Мекен-жайы _____

Сатып алушы банктің реквизиттері _____

РЕКВИЗИТТЕР ЖӘНЕ КОНТРАКТІНІҢ ШАРТТАРЫ

Номері _____ Соңғы төлем _____

Күні _____ Төлем валютасы _____

Контракт сомасы _____ Төлем валютасының коды _____

Тауар, жүк _____

Порт, белгіленген станция _____

Контракт бойынша валюта _____ Есеп нысаны _____

Контракт бойынша валюта коды _____ Түсімнің келіп түсуі _____

Валюталық ескертпе _____

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ ЛИЦЕНЗИЯСЫ

Лицензияның номері _____ Күні _____

СЕНІМ БІЛДІРІЛГЕН АДАМДАРДЫҢ ҚОЛЫ:

Банктің атынан _____ Импортердің атынан _____ Кеден органының атынан _____
лауазымы _____ лауазымы _____ лауазымы _____

Аты-жөні (қолы) ф-сы Аты-жөні (қолы) ф-сы Аты-жөні (қолы) _____

М.О. күні _____ М.О. күні _____ М.О. күні _____

Үшінші адамның атынан _____

лауазымы _____

Аты-жөні (қолы) _____

М.О. күні _____

БАНКТІҢ, КЕДЕН ОРГАНЫНЫҢ ЕРЕКШЕ БЕЛГІЛЕРІ

Мәміле паспортын ресімдеу

ТӘРТІБІ

"Импорт жөніндегі мәміле паспорты" - қисық сызықпен бөлінген төрт бөліктен тұратын мәміле паспортының күрделі коды көрсетіледі:

- бірінші бөлігі екі араб санынан тұрады, оның "2" деген бірінші саны осы импорт жөніндегі мәміле паспортының тауар экспортынан келіп түскен түсімге валюталық бақылау жасауға арналған, ал "1" деген екінші саны мәміленің банкте, немесе "2" - кеден органында ресімделгенін білдіре отырып, осы мәміле паспорты шет ел валютасын пайдаланылуына валюталық бақылау жасауға арналғанын көрсетеді.

- екінші бөлігі ОКПО (мекемелер мен ұйымдардың жалпы классификаторы) бойынша банк кодын құрайтын сегіз саннан тұрады.

- үшінші бөлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі банк филиалына берген номерден тұратын үш саннан тұрады. Банктің бас кеңсесінде есеп жүргізген кезде немесе филиалдары болмағанда бұл бөлікке "000" қойылады,

- төртінші бөлігі импорт жөніндегі журналға сәйкес осы импорт жөніндегі

мәміле паспортының рет номерінен тұрады.

"импорт жөніндегі мәміле паспорты деген бағанда импорт жөнінде журналға тіркелген күні көрсетіледі.

"Банк реквизиттері" бөлімі былайша толтырылады.

"Атауы" деген бағанға осы импорт жөніндегі мәміле паспортына қол қойған банктің аты толық көрсетіледі.

"Филиал" деген бағанға импортердің шоты жүргізілетін филиалдың толық аты көрсетіледі, бұдан әріде импорт жөніндегі мәміле паспортында көрсетіледі.

"банк номерінің шоты" деген бағанға көрсетілген шот банк филиалында жүргізілген жағдайда ғана толтырылады.

"Тұрған орны" деген бағанға импортер шотын жүргізуші банктің (немесе экспортердің шоты банк филиалында жүргізілсе, банк филиалының) толық почталық мекен-жайы көрсетіледі.

"Импортердің реквизиттері" бөлімі былайша толтырылады:

"Атауы" деген бағанда мәміле паспортына қол қойған импортердің толық ресми аты көрсетіледі.

"ОКПО коды" деген бағанда мәміле паспортына қол қойған импортердің оған мемлекеттік статистика органы берген сегіз таңбалы коды көрсетіледі.

"Тұрған орны" деген бағанда импорт жөніндегі мәміле паспортына қол қойған импортердің толық почталық мекен-жайы көрсетіледі.

"Банк шотының номері" деген бағанда мәміле паспортына қол қойған импортердің осы мәміле паспортында көрсетілген контракті бойынша валюталық түсім түсуі тиіс валюталық шотының номері көрсетіледі.

"СТН" бағанында импортердің салық органында салық төлеуші ретінде тіркелген тіркеу номері көрсетіледі.

"Салық органының мекен-жайы" деген бағанда импортердің тіркелген жері бойынша салық органдарының мекен-жайы көрсетіледі.

"Үшінші адам реквизиті" деген баған "Шет ел сатып алушысының реквизиттері" деген баған сияқты толтырылады.

"Шет ел сатып алушысының реквизиттері" бөлімі былайша толтырылады:

"Атауы" деген бағанда осы импорт жөніндегі мәміле паспорты негізінде жасалған контрактіде көрсетілген түрдегі импортталатын тауарларды шет елдік сатып алушының аты көрсетіледі.

"Ел" деген бағанда кәсіпкер ретінде тіркелген сатып алушының елінің аты көрсетіледі.

"Мекен-жайы" деген бағанда осы экспорт жөніндегі мәміле паспорты

негізінде жасалған контрактінің шарттарына сәйкес шет ел сатып алушысының заңды мекен-жайы көрсетіледі.

"Сатып алушы банктің реквизиттері" деген бағанда шет ел сатып алушысына қызмет көрсететін банктің мекен-жайы мен реквизиттері көрсетіледі.

"Контрактінің реквизиттері мен шарттары" бөлімі былайша толтырылады:

"Номері" деген бағанда осы импорт жөніндегі мәміле паспорты негізінде жасалған контрактінің номері көрсетіледі.

"Күні" деген бағанда контрактіге қол қойылған күні көрсетіледі.

"Контракт сомасы" деген бағанда осы контрактіге сәйкес импортталатын тауарлардың жалпы құны көрсетіледі.

"Тауар, жүк" деген бағанда контракт бойынша тауардың аты көрсетіледі.

"Порт, белгіленген станция" деген бағанда сатып алушының еліндегі жүк жеткізілетін орын көрсетіледі.

"Контракт бойынша валюта" деген бағанда "Кедендік жүк декларациясын толтыру тәртібі туралы" Мемлекеттік кеден комитетінің нұсқаулығы негізінде республикалық кеден органдары қолданатын валюталар классификаторына сәйкес контракт сомасы белгіленген валюта атауы көрсетіледі.

"Контракт бойынша валюта коды" деген бағанда "Кедендік жүк декларациясын толтыру тәртібі туралы" Мемлекеттік кеден комитетінің нұсқаулығы негізінде республикалық кеден органдары қолданатын валюталар классификаторына сәйкес контракт бойынша валюта коды көрсетіледі.

"Валюталық ескертпе" деген бағанда контракт бойынша валюта төлеміне валюта бағамын есептеу тәсілі көрсетіледі ("контракт бойынша валюта" мен "төлем валютасы" сәйкес келмегенде ғана толтырылады).

"Соңғы төлем" деген бағанда осы импорт бойынша мәміле паспорты негізінде жасалған контракт бойынша соңғы төлемнің импортердің валюта шотына келіп түсуінің есеп айырысу күні көрсетіледі. "Соңғы төлемді" импортер болжанған соңғы кедендік ресімдеу күніне "түсімнің келіп түсуі" деген бағанда көрсетілген,

контракт шарты бойынша түсімінің рұқсат етілген келіп түсу мерзімін қоса отырып өз бетінше есептейді. "Төлем валютасы" деген бағанда "Кедендік жүк декларациясын толтыру тәртібі туралы" Мемлекеттік кеден комитетінің нұсқаулығы негізінде республикалық кеден органдары қолданатын валюталар классификаторына сәйкес импортталатын тауардың төлемі жүргізілетін валютаның атауы көрсетіледі.

"Төлем валютасының коды" деген бағанда "Кедендік жүк декларациясын

толтыру тәртібі туралы" Мемлекеттік кеден комитетінің нұсқаулығы негізінде республикалық кеден органдары қолданатын валюталар классификаторына сәйкес төлем валютасының коды көрсетіледі.

"Есеп айырысу түрі" деген бағанда контрактідегі шарттарға сәйкес (төменде келтірілген классификаторға сай) импортталатын тауар үшін қолданылатын есеп айырысу түрінің коды көрсетіледі.

Есеп айырысу	нысаны	коды
Аванстық төлем		
(алдын ала төлеу)	00	
аккредитив		10
инкассо	20	
аударым	30	

Есеп айырысудың аралас түрі қолданылуы мүмкін, онда бағанға екі код жазылады.

"Түсімнің келіп түсуі" бағанында төменде келтірілген классификаторға сай тауар импортынан валюта түсімі келіп түскендегі есеп айырысу мерзімінің коды көрсетіледі:

Түсімнің келіп түсу мерзімі	Коды
Аванстық төлем	00
30 күн ішінде	01
60 күн ішінде	02
90 күн ішінде	03
120 күн ішінде	04
150 күн ішінде	05
180 күн ішінде	06
9 ай ішінде	09

12 ай ішінде	12
18 ай ішінде	18

Тауар импортынан түсетін түсімнің келіп түсу мерзімін импортер Қазақстан Республикасы мен басқа елдердің аумағымен тауарлардың жылу уақытының және банк құжаттарының, контракт жөніндегі төлем шарттарының өту уақытын және басқа факторларды ескере отырып өз бетінше белгілейді. Көрсетілген мерзім тауарларды кедендік ресімдеу күнінен бастап есептеледі.

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Лицензиясы" бөлімі Импорттық түсу мерзімінен асып кеткен жағдайда толтырылады (импорттың түсу бағаны) - 180 күнтізбелік күн.

Мынадай жағдайларда банк импортер Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі берген лицензияның түпнұсқасын көрсетпейінше импорттық өнімдердің түсу мерзімін ұзартуға импорт жөніндегі мәміле паспортына қол қоймайды.

Лицензияда көрсетілгендей импорт жөніндегі мәміле паспортының бөлімі былайша толтырылады.

"Номері" деген бағанда импортерге берілген лицензияда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тағайындаған нөмірі көрсетіледі.

"Күні" деген бағанда импортерге берілген Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкінің лицензияның берген күні көрсетіледі.

"Мерзімін ұзарту" деген бағанда импортталған тауардың ұзартылған түсу мерзімін көрсетеді. (180 күннен аса)

"Сенім білдірілген адамдардың қолы" бөлімі былайша толтырылады.

Импорт жөніндегі паспорттың барлық даналарына (лауазымы, аты-жөні көрсетіле отырып) қол қойылады:

- импортердің атынан - импортер басшысы;
- банктің атынан - банктің жауапты қызметкерлерінің бірі;
- кеден органының атынан - тауарларды кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын лауазымды адам.

Импорт жөніндегі мәміле паспортының банктің, экспортер мен кеден органының мөрлері қойылады.

"Банктің ерекше белгілері" бөлімінде

- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі рұқсат берген мерзімі ұзартылған төлем уақыты (180 күннен астам) немесе мәміле паспорты бағанында көрсетілмеген, бірақ осы Ережеде қарастырылған не валюталық бақылау органдары мен агенттерінің жұмысын жеңілдету үшін жазылған жазбалар көрсетіледі.

N 4 қосымша

"БАНК, КЕДЕН ОРГАНЫ" _____

(банктің және оның филиалының, кеден органының толық атауы)

199__ жылғы импорт жөніндегі валюта бақылауының кіріс және шығыс құжаттарын есепке алу

ЖУРНАЛЫ

Басталуы _____ (көрсетілген күнтізбелік жылда журналда бірінші тіркелген құжаттың тіркеу күні көрсетіледі)

Аяқталуы _____ (көрсетілген күнтізбелік жылда соңғы тіркелген құжаттың тіркеу күні көрсетіледі)

Бланк

Құжаттың атауы

Номері және күні

Шығыс

- түскен күні

- корреспондент

Кіріс

- жіберілген күні

- корреспондент

- құжатты алған адамның қолы

Ескерту: импорт жөніндегі валюта бақылауының кіріс және шығыс құжаттарын есепке алу журналы әр күнтізбелік жылға жасалады (бірінші құжаттың келіп түскен күнінен). Журнал аяқталғанда банктің бас бухгалтерінің және кеден органының лауазымды адамның қолы қойылады және архивке сақтауға өткізіледі. Архивте сақталу мерзімі - журнал аяқталған күннен бастап 5 жыл.

N 5 қосымша

есеп беру нысаны - ай сайын

Экспорттық мәміле бойынша

валюта түсімінің келіп түсуі туралы
хабарлама

N	Экспортер	Контракт	Мәміле	Валюта	Сома	Төлем.	СТН	Валюта	Ескер.
N		паспорты	түсімі	ші	коды	ту			
		түскен							
		күні							
1									
2									
3									
4									

Банктің атауы

Басшысының қолы және мөрі

N 6 қосымша

Импорттық мәміле бойынша

жүргізілген төлемдер туралы
хабарлама

N	Импортёр	Контракт	Мәміле	Төлем	Сума	Алушы	СТН	Валюта	Ескер.
N		паспорты	күні			коды	ту		
1									
2									
3									
4									
5									
6									

Банктің атауы

Басшысының қолы және мөрі